

Дәрілік заттарды рецептсіз босату

Жасаған: Ильясов Дамир 301 А фарм

- Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде ОТС-препараттар деп аталатын (ағылшынша *over the counter*) рецептсіз босатуға рұқсат етілетін препараттардың тізімі көбейіп кел жатқаны байқалады. Препараттардың бұл категориясының болуының өзі оларды дәрігердің тағайындауысыз, яғни пациенттің өзінің жауапкершілігімен қолдануға болатынын көрсетеді. Денсаулық сақтаудың бүкіләлемдік ұйымы анықтауынша, өзін-өзі емдеу – бұл пациенттердің өзі анықтаған симптомдарын және көңіл-күйінің бұзылуын емдеу және алдын алу үшін еркін саудадағы дәрілік препараттарды қолдануы.

- 1994 ж. рецептсіз препараттарды (AESGP) өндірушілердің Европолаық ассоциациясы «өзін-өзі емдеу» терминін «жауапты өзін-өзі емдеу» ұғымына айналдырды. Соған байланысты ХХ ғасырдың соңында денсаулық сақтауды дамытудың стратегиялық бағыты бүкіл әлемде «пациентке көңіл қою» (фокус на пациента) деп анықталды.

- Жауапты өзін өзі емдеу концепциясын дамыту тұрғындарға жетімді, сапалы және арзан қызметтерді ұсынуда позитивті рольді атқарады. Әлемдік практика көрсеткендей, медицина қауымддастығын және тұрғындарды жауапты өзін өзі емдеудің ыңғайлары туралы жан-жақты ақпараттау және рецептсіз препараттар үшін сәйкес нормаларды енгізу денсаулыққа жұмсалатын шығындарды қысқартуға және тұрғындардың денсаулығының жалпы жағдайын жақсартуға әкелуі мүмкін.

- Өзін өзі емдеудің басты сипаттамасы – науқастың өз денсаулығы үшін жауапкершілігі. Өзін өзі емдеуге жауапты ыңғайдың негізі – толық ақпараттың болуы. Осындай жағдайда науқасқа сапалы көмекті көрсететін фармацевтің ролі артады. Фармацевт дәрілік препараттың қандай жағдайды емдеуге қажет екендігін, пациентте дәрігердің шұғыл кеңесін қажет ететін симптомдардың жоқтығын анықтайды, қандай дәрілік препаратты алу керектігіне кеңес беріп қана қоймай ұтымды дәрілік қалыпты таңдайды, препаратты қабылдау ережесі туралы айтады, мүмкін болатын жанама әсерлері, препараттың тағаммен, басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеті және т.б. туралы ескертеді, яғни толық фармацевтикалық қамқорлықты жүзеге асырады. Фармацевтикалық қамқорлық дегеніміз фармацевтің нақты пациент алдында дәрілік препаратпен емдеу нәтижелеріне жауапкершілікті алуы.

- Фармацевтикалық қамқорлық – бұл дәріні босатқан кезден бастап оның әсерінің толық аяқталғанына дейінгі барлық кезең бойында фармацевт пен пациенттің өзара әрекетінің кешенді бағдарламасы.

- Бүгінгі күні фармацевтің ролі біршама өзгерді, ол тек дәрілік препараттардың ассортиментінің (әлемдік фармацевтикалық нарықта олардың 350 000 мыңнан аса атауы бар) көбеюі туралы ғана ойламауы керек, тек қана препаратты босатпауы керек, оның кәсіби қызметінің негізгі мақсаты нақты науқастың дәрілік терапиясының қауіпсіздігін және тиімділігін арттыру болуы керек. Әрине бұл жағдайда дәрігердің ролін фармацевтпен ауыстыру туралы болып отырған жоқ. Өзін өзі емдеу тек өмірге қауіп төндірмейтін симптомдар мен синдромдар пайда болғанда және оларды әртүрлі топтағы (антацидтер, іш жүргізетін, анальгетиктер, ыстық басғындар, спазмолитиктер және т.б.) ОТС-препараттар баса алатын жағдайларда ғана мүмкін. Адам –р өмірінде «қауіпті емес» симптомдар (бас ауруы, суықтау, асқазан қыжылы, метеоризм, ішың қатып қалуы және т.б.) байқалғанда дәрігердің көмегіне жүгінбей қанша рет өзін өзі емдеумен айналысқаны туралы ойланбайды да. Дәріханаға келгенде фармацевтен кеңес сұрадық, оның көмегін қажет еттік немесе өзіміздің білімімізге, көршілердің кеңесіне құлақ салдық?

- Тиісті дәріханалық практика (Good Pharmaceutical Practice, GPP) талаптарында «фармацевтикалық қамқорлық» термині науқас пен қоғамды фармацевтің қызметін біріншілік пайдаланушылар ретінде анықтайтын практика идеологиясының атауы ретінде бекітілді. Тиісті дәріханалық практика фармацевтикалық қамқорлықты жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады.

- Тиісті фармацевтикалық қамқорлықтың негізі фармацевтің кәсіби білімі мен тәжірибесі, медициналық этика мен деонтологияның нормасы, фармацевтің науқасқа қайырымды қарауы және өз қызметіне жауаптылықпен қарауы болып табылады.

Рахмет!